

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 19.08.97 ж. N 136 ~V970407 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті 1997 жылғы 30 қыркүйектегі N 149 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 23 қазанда тіркелді. Тіркеу N 55. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Кеден комитеті төрағасының 1998.08.07. N 75 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Жарлығының 138 бабына сәйкес бұйырамын:

1. 3-тармақтағы бірінші және екінші абзацтарда "2000" саны "4000" санымен ауыстырылсын.

2. 7-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Салық органдары жеке тұлғаларға, жалпы көлемі 20-шаршы метрден аспайтын, белгіленген жобалы орындарда (дүкеншелерде, сөрелерде) халық тұтынатын тауарлар мен тамақ өнімдерін бөлшектеп сатуды жүзеге асыру үшін ғана, сауда саласындағы жеке кәсіпкерлік қызметпен шұғылдану үшін салық патенттерін берсін.

Жеке кәсіпкерлік қызметінің субъектілері ретінде салық органдарында тіркелмеген сауда базарларында сөрелерде, машиналар мен басқа да орындарда сауда жасайтын азаматтар Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 955-ші P950955_ қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды өткізу құқығы үшін алынатын алымдар туралы" ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды өткізу құқығы үшін алым төлеуге тиісті".

3. 9-тармақта "1 қыркүйек" деген сөздер "20 қазан" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Бұйрықтың N 1 қосымшасының II тарауының 27-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобильдерді жөндеу және техникалық қызмет"

5. Бұйрықтың N 1 қосымшасының IV тарауына мынадай мазмұндағы 55-тармақ қосымша енгізілсін:

"Жалпы көлемі 20 шаршы метрден аспайтын, белгіленген жобалы орындарда (дүкеншелерде, сөрелерде) халық тұтынатын тауарлар мен тамақ өнімдерін

б о л ш е к т е п

с а т у " .

6. Бұйрықтың N 1 қосымшасының ескертпесіндегі бірінші тармақ "Қазақстан Республикасы шегінде" деген сөздермен толықтырылсын.

2-тармақтың екінші азбацы 3-тармақ деп саналсын және мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Өткізілетін тауарлар жөнінде оның сапалық сертификаты мен қайдан шыққанын растайтын барлық құжаттар болуға тиіс".

7. Мынадай редакциядағы 10-тармақ енгізілсін:

"Облыстар бойынша салық комитеттері 1997 ж. 20 қарашаға дейінгі мерзімде патенттің құнын бекітілген тізбеге сәйкес реттесін".

8. Бұйрықтың 10-тармағы 11-тармақ болып саналсын.

Т ө р а ғ а